ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
«АҚҚҰЛЫ АУДАНЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«САДУАҚАС САТЫБАЛДИН
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»КММ

КГУ «СРЕДНЯЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМ. С.САТЫБАЛДИНА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
РАЙОНА АҚҚҰЛЫ,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Бұйрық

Қызылқоғам ауылы **№ 1-03/32** **2026 жылғы 29 мамыр**

2026 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы

Аққулы ауданының білім беру бөлімінің 2026 жылдың 29 мамырдағы №1-05/128 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепішілік «Жаз-2026» штабы №1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. 2026 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша мектепішілік іс-шаралар жоспары №2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Бәйтерек» сауықтыру жазғы лагерінде демалатын оқушылар тізімі құрылсын қосымша №3.

4. Сауықтыру лагеріне демалуға қажетті жағдайлар санитарлық талапқа сәйкес жасалсын;

- Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Каирбаева А.С. іс-шаралар арасында кабинеттерге ылғалды жинауды уақытылы жүргізуді, лагерь кабинеттерін кварцтау режимін, қолды өндеуге арналған сабын, антисептиктердің болуын қамтамасыз етсін.

5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- мектеп жағдайына, ата-аналармен балалардың қажеттіліктерін ескере отырып 2026 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру жөніндегі іс –шаралар жоспарын дайындап, бекітілсін.

- балаларды сауықтыру ұйымдары обектілеріндегі өртке қарсы қауіпсіздік, төтенше жағдайлар, судағы жазатайым оқиғалардың алдын алуды, экскурсия мен сапарларды жүргізу барысында қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету.

- мектеп жанындағы сауықтыру лагеріне қамтылған балаларды жас ерекшелігіне қарай ұйықтату ұйымдастырылсын.

- жазғы кезеңде бірінші кезекте жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың, әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан балалардың, үздік оқушылардың, облыстық, республикалық, халықаралық түрлі конкурс жүлдегерлерінің, демалуын және сауықтырылуын ұйымдастырылсын.

- лагерьде спорттық-сауықтыру іс- шаралары міндетті түрде өткізілсін.

- әр айдың 15-не дейін жазғы демалысты ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөнінде есеп, 10 тамызда қорытынды есеп аудандық білім бөліміне берілсін.

- мектепішілік жазғы кезеңде балалардың демалысы мен сауықтырылуын, олардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы қызметті БАҚ-та жариялансын.

- аудандық «Жаз-2026» , «Бала достары» аудандық үздік педагогикалық жасақ конкурсына қатысу ұйымдастырылсын.

- жалпы білім беру мектептері арасында өтетін «Жасыл желек» аудандық байқау-конкурсына қатысу ұйымдастырылсын.

- 2026 жылдың жазғы сауықтыру жұмысы туралы қорытынды есеп тамыз айындағы педагогикалық кеңесте ұсынылсын.

6. Осы бұйрықты орындау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Тогтасынға жүктелсін.

Мектеп басшысы: Батталова Ж.К.

Таныстырылды: Ж.Тогтасын

А.С.Каирбаева